

БІРҚАТАР ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

Елбасы Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевты қабылдады.

Қабылдауда Мемлекет басшысы тиімді ақпараттық саясат жүргізудің, елдегі медиа кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

— Жанадан құрылған министрліктің маңызы зор. Бүгінде басты міндеттердің бірі — ақпарат кеңістігіндегі түрлі сын-көтерлерге тиімді қарсы тұра білу. Сонымен қатар, халық арасында экономикалық өсімді және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға қамтамасыз ету бағытында мемлекет қабылдап отырған шаралар туралы түсінілуді жұмысын тиісті деңгейде жүргізу қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік БАҚ-тың басшылық құрамын қалыптастыру ісіне мұқият болу қажеттігіне назар аударды.

— Жоғарғы талаптарға сай келетін, шетел тілдерін меңгерген және ақпарат кеңістігінің басты үрдістеріне сапалы талдау жасай алатын адамдарды таңдау керек. Жалпы, мемлекеттік ақпарат саясатының мәселелері менің басты назарыма. Министрліктің қызметіне тікелей өзін және Президент Әкімшілігінің басшысы бақылау жасайды. Басқа тұлғалардың араласуына жол берілмейді, — деді Мемлекет басшысы.

Ақпарат және коммуникациялар министрі БАҚ жұмысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ «бір терезе» қағидаты бойынша халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету ісін ілгерілету жөнінде қабылданып отырған шаралар туралы баяндады.

Сондай-ақ, Д.Абаев Қазақстан Президентінің телекоммуникация саласының қызмет ету сапасын арттырудағы министрліктің қызметі, соның ішінде «Сандық Қазақстан» бағдарламасын әзірлеу жұмысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы «Сырбар» сыртқы барлау қызметінің директоры Ғабит Байжановты қабылдады.

Қабылдауда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Қазақстан Президенті кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

РИОДАҒЫ КИІМІН МҰРАЖАЙҒА СЫЙЛАДЫ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде Сырдан шыққан даңқты спортшылар И.Ильин мен А.Отеговтің спорттық үлгідегі киімдері тұр. Енді бұл қатар Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Александр Зайчиковтің формасымен толықатын болады. Олимпиада жүлдегері бүгін тарихи-өлкетану музейіне өзінің спорттық үлгідегі киімін сыйға тартты.

Музейде өткізілген шарада студенттер зілтеміршімен бетпе-бет жүздесіп, көкейдегі сауалдарын жолдады. Ал облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы С.Мұстафаев Сыр спортшыларымен мақтанатынын жеткізіп, өскелең ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

— Біздің қорда Сыр саңлақтарының тұтыңған бұйымдары жетерлік. Кешегі тарихтан белгілі Алаш арыстарынан бастап, қаламгер-жазушылардың заттары қойылған. Енді жанартылған музейдің қоры толығып жатыр. А.Зайчиковтің Риода киген киімін көруге қызығатындар да бар. Үйде қалғанын музейде тұрғаны әлдеқайда артық деп ойлаймын, — дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері К.Ибрагимова.

Кездесу соңында Олимпиада жүлдегері музейдің құрмет кітабына өз қолтаңбасын қалдырып, Қызылорда облысы әлеуметтік саласының дамуына арналған залмен танысты.

Дәулет ҚЫРДАН,
Н.НУРЖАУБАЙ (сурет).



ҚАРАКЕТКЕН ТҰШПАРАСЫ

Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер Жанат Мырзақұлова мемлекеттік қолдау аясында тұшпара өндірісін іске қосты. Өзінің шағын тұшпара шығару цехын кәсіпкер 2014 жылы «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы аясында несиесі алып ашқан. Ал жыл басында «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесіті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасына қатысып, гранттық қаржыландыру конкурсына өтінім берді. Конкурстық комиссия Жанат Мырзақұлованың жобасын қолдап, қайтарымыз грант бөлді. Грант қаражатына жеке кәсіпкер бұйым-қаптауға қажетті қондырғы сатып алды.



— Біздің өнімдеріміз «Қаракеткен» брендімен Қызылорда қаласындағы «Аль-Асад» және «Скифф-Трейд Small» сауда үйлерінде сатылады. Сонымен қатар, Жалағаш ауданының 10-ға жуық жеке дүкендерінде де ұсынылады. Өндіріске қажетті барлық құрылғыларға несиесі, гранттық қаражат арқылы қол жеткіздім, — дейді Жанат Мырзақұлова.

«Қаракеткен» тұшпарасына арнайы мекеменің өнімге сәйкестік сертификаты берілген. Сапасы жоғары жергілікті өнімге қазіргі таңда тұтынушылар тарапынан сұраныс күн санап артауда. Быыл тұшпара цехының өндірістік қуаты айына 2 тонна дайын өнім шығаруға дейін артқан.

АҚЖАРЛЫҚТАР АЛҚАБЫНДА

Қармақшы ауданында көптен бері шаруасын тұрлаулы түрде «Ақжар-Агро-Инвест» серіктестігінің жұмысы жанданып, егінге орақ салды. Дала төсіндегі мұндай дүбірлі думан Ақжар ауылында соңғы 10-15 жылдың көлемінде болмапты. Егіс алқабындағы қауырт тірлікке ден қойған дикандар, ел ырысын төкпей-шапшай жинап алуды көзден отыр.

Быылғы егіннің шығымы бітік, дикандар гектарына 55 центнерден өнім алуға бекініп, «Ақжар-Агро-Инвест» серіктестігінің егіс алқабына жиналған ел ағалары аққолтай тілегін айтып, берекелі іске сәттілік тіледі.

Алғашқы егін орағына қатысқан аудан әкімі С.Мақашов: «Қадамдарыңыз құтты болсын, қырмандарыңыз астыққа толысын. Ел ырысын төкпей-шапшай жинап алудағы еселең еңбектеріңіз жемісті болсын!», — деп еңбек ардагерлерімен бірге алғашқы орақ легтасын қылды.

Быыл аудан бойынша 21,8 мың гектар алқапқа ауылшаруашылық дақылдары орналастырылды, оның 14 мың гектардан астамы — Сыр салысы. Ендігі мақсат — Жераның ырыс несібесін уақытында жинап алу.

Аудан еңбеккерлері қазан айына дейін орымды аяқтап, қамбаны астыққа толтырмақ. Ол үшін 500-ден астам техникалар үздіксіз жұмыс істеп жатыр, жанар-жағармай қоры жеткілікті. Тек, күн қабағы қалыпты болса болғаны.

Быыл Сыр дикандары жердің тозып кетуімен суды үнеммен пайдалану мақсатында егіс көлемін әртарапандыру ісін қолға алды. Қармақшы ауданында осы бағытта күріштен бөлек, 230 гектарға жаздық бидай, 845 гектарға мақсары, 5 мың гектар жерге ескі және жаңа жоңышқа, мың гектардан астам алқапқа бақша дақылдарын отырғызған. Енді аз ғана уақыттан кейін өнімдер толықтай жиналып, қамбаға құйыламық.

Айта кетейік, 2013 жылы жұмысын бастаған «Ақжар-Агро-Инвест» ЖШС быыл 837 гектар жерге күріш, 215 гектар жаңа жоңышқа, 215 гектар мақсары екті. Сапарбек Асқаров басқаратын шаруашылықта 100-ден аса адам еңбек етуде.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Қармақшы ауданы.



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ ДАМИДЫ



Сейсенбі күні Қызылорда облыстық медицина орталығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Мәжіліске облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті төрағасының міндетін атқарушы Роза Қуанышбекова қатысты.

Жыныс биылғы жылдың жеті айы ішінде өңірдегі денсаулық сақтау саласында атқарылған жұмыстар мен көрсеткіштер талқыланып, қорытындыланды.

Облыс әкімінің айтуынша, 2016 жылдан Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Онда денсаулық сақтау саласын реформалау кеңінен айтылған. Бүгінде аймақ медицинасының дамуына жеті көңіл бөлінуде. Оның бір дәлелі, денсаулық сақтау саласына 38,5 млрд теңге бағытталып отыр. Бұл — облыс бюджетінің 20 пайызы деген сөз. Ал өткен жылы бұл көрсеткіш 16,5 пайыз болған еді.

Сонымен қатар, аймақ басшысы жыл басында медицина қызметкерлерінің жалқысы 28 пайызға өскенін де тілге тиек етті. Ауылдық орталық ауруханалар холтер-мониторингмен, УЗД аппаратурамен жабдықталды. ОМО, ЖИТС, онкологиялық және перинаталдық орталықтар қажетті құралдармен қамтамасыз етілді. 30 онкологтар бөлмесі, хоспис бөлімі, Қазалы теміржол ауруханасында инсультпен ауыргандарды оңалту бөлімшесі ашылды.

жеткілікті екенін айта келе, медициналық жәрдемің сапасы мен қызметінің қолжетімділігі мәселесі әлі де өзекті болып отырғанын жеткізді. Әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, респонденттердің 27 пайызы ғана өңірдегі медицина қызметіне көңіл толады. Сондықтан, сала жұмысын жетілдіру, ширату қажет.

Осы ретте, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова баяндама жасап, саланың жай-күйін тарқатып айтып берді.

Оның айтуынша, биылғы жылдың тамызына дейін облыста 10690 сәби дүниеге келіп, табиғи өсім 11,9 пайызға артқан. Бұл — көңіл қуантарлық көрсеткіш.

Ал, жалпы өлім-жітімінің себебі қан айналымы, қатерлі ісік, тыныс алу ауруларының кесірінен болып отыр. Оқыс оқиғалардың салдарынан, ауыр жарақаттан қаза тауып жатқандар да бар.

Сонымен бірге, Ақмарал Шәріпбайқызы медициналық көмекті ұйымдастырудың интеграцияланған моделін әзірлеу бойынша біраз жұмыс атқарылғанын жеткізді. Бес ауру түрі бойынша жол картасы дайындалды. Республикалық профилді ғылыми орталықтармен кездесу, бірлесіп отырып, аурулардың себебін-салдары, медициналық қызметтің сапасы, мамандардың біліктілігі мен материалдық-техникалық мүмкіншілігі сараланды. Талдаудың нәтижесінде, скринингтік және алдын ала тексерулердің немісқұрайлықпен жүргізілуі, мамандар тапшылығы және олардың кәсіби деңгейінің төмендігі анықталды.



Ақмарал Әлназарованың айтуынша, әрбір емдеу ұйымдарында емделушілердің құқығын қорғау қызметі ашылған, қызмет сапасын арттыру мақсатында үлкен емхана-ларда бейнекамералар орнатылды, тіркеуді ұйымдастыру жетілдірілді. Бірыңғай call-орталық ашылғалы ақ халаттылардың атына арыз-шағым азайыпты. Өйткені осында жүргізілетін мәселесін орталық мамандар дер уақытында шешуге күш салды. Енді ұлы телефон арқылы да қажетті дәрігерді алдын ала таңдап, қабылдауына жазылып қоюға мүмкіндік туы. Осы мақсатта emden.kz порталы жұмыс істеді.

Ауылдықтар да назардан тыс қалған жоқ. Биылғы жылдың жеті айында жылжымалы медициналық ке-

“КӨШПЕЛІЛЕР ОЙЫНЫНДА” КӨШ БАСТАДЫ



Қырғызстанда өткен Көшпелілер ойынындағы ақындар айтысы 5 қыркүйек күні мәресіне жетті. Жыр сайысы екі күнге созылды, оған Қазақстан мен Қырғызстанның 18 ақыны қатысты.

Гран-при Қырғызстан ақыны Азамат Болгонбаев пен қазақстандық Мұхтар Ниязовқа тиесілі болды. Бірінші орынды Жаркынбек Наушабеков пен қырғыз ақыны Болот Назаров алды. Екінші орынға қырғыз Амантай Құрманалиев пен қазақстандық Нұрмат Мансұров шықты. Үшінші орынды Асылбек Маратов пен қазақ ақыны Дидар Қамиев жеңіп алды.

Қырғызстанның Чоплан Ата қаласында II Дүниежүзілік көшпелілер ойыны өтіп, концерттік бағдарламаға 2,5 мыңнан астам ерікті қатысты. Түрлі оташулар ұйымдастырылды. Кейін көшпенділердің өмірінен терең сыр шертетін театрландырылған көрініс қойылды. Сонымен қатар, өнерпаздар «Қара жорға» биін биледі. Ал Түркіменстаннан келген шабандоздар ат үстінде өз өнерлерін көрсетіп, жанкүйерлердің көңілінен шықты.

Атлеттер шеруінде әлемнің 58 елінен келген спортшылар жүріп өтті. Осымен екінші рет ұйымдастырылып отырған халықаралық жарыс тек ізгі мақсатты көздеді.

Ауқымды шараға 58-ден астам елдің 600-ге тарта спортшысы қатысты. Олар казак күресі, қырғыз күресі, көкпар, салбыурын, аламан бәйге, жорға жарыс, жалпы 25 спорт түрінен бақ сынады.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



Дәурен ОМАРОВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

● БАСТАМА

ІРІЛЕНДІРУ ІРГЕМІЗДІ
БҮТІНДЕЙДІ

Еліміздің ауылшаруашылық саласында биылдан бастап кооперацияландыру басталып кетті. Екіндіктің алғашқы жылдарында бұл саладағы жекешелендіру салдарынан ірі шаруашылықтардың ұсақ құрылымдарға бөлініп кеткенін білеміз. Сол тұста бұл бастамаға қарсылар да болды. Тәжірибелі сала мамандары бөлінген шаруашылықта еңбек өнімділігі болмайтынын, керісінше шығарған өнімнің өзіндік құны қымбаттап кетерін айтудай-ақ айтты. Бірақ, бір бөлінген шаруашылықтар қайтадан қосылғу құлықты бола қойған жоқ.

Жаңадан құрылған шаруашылықтар алғашқы жылдары біраз қиындықтар бастан кешті. Дикандардың егетін тұқым таппай, тапқан өнімін өткізе алмай біраз әуре-сарсаңға түскен кезі де болмай қалған жоқ. Сол жылдары аграрлы аймақ саналатын Сыр бойындағы басты өнім – күріш көлемі 26 мың гектарға қысқарып, 1995 жылы облыс дикандары гектарына небәрі 29 центнер ғана Сыр салысын жинады. Осы жылдары облыста көі 155, сиыр 25 мың басқа азайып кетті. Ертеден-ақ, несібесін жерден теріп, ақ маржанның тау тұрғызған бейнеткеш халықтың «Аңкл бенс» брендімен шыққан күмәнді күрішке күні қарап қалғаны осы түс еді. Күрмекке ұқсайтын Қытай күрішінің де базар сөресін жаулап алғанын да ұмыта қойған жоқпыз.

Бірақ, мемлекет еңсе тіктегесін олардың да мәселесін ескерді. Шаруашылықтарды қолдау мақсатында жыл сайын құны аспандап шыға келетін жанар-жағармай мен аяқсу, тыңайтқыш бағасын реттеу үшін субсидиялар бөлді, лизингке техника алудың механизмін жасады. Соңғы жылдары мал шаруашылығы бағытында да «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламалары арқылы біраз бастамаларды қолға алды, түлік түрлерін асылдандыруға бел бұған шаруаларды да қаржылай демеудің жүйесін түзді.

Бірақ, салада бәсекелестік күн санап ұлғайып келе жатқан кәзіргі жағдайда ауыл шаруашылығы құрылымдарының әлі де біріге түсуі маңызды болып отыр. Бұл – Дүниежүзілік сауда ұйымының табалдырығын жаңа аттаған біз үшін саладағы отандық өндірісінің қолдаудың басты тетігі.

Осыдан да Парламент талқасынан өткен заң жобасына Елбасы көп қойып, жыл басынан бері «Ауыл шаруашылығын кооперацияландыру» туралы Заң күшіне енді. Өйткені, тек қана кооперация арқылы тауар өндірушілер өздерінің өндірістік және басқа да тұтынушылық қажеттілігін, бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын арзандату мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан да бұл заңның тиімді жүзеге асуына қазір баса мән беріліп отыр. Мәселенің мұқият зерттегенде Шығыс Еуропаның бастамасы тандап алынды. Оларда сүт өнімдерін Орта Азия мемлекеттеріне шығару үшін 2-3 мемлекет бірігіп, жеке адамдардан сатып алған өнімді өңдейді.

Мамандар бұл бастаманың салаға жаңа леп әкелеріне сенімді. Өйткені, осыған дейін көрсетіліп келе жатқан қолдауларға қарамастан, ауыл шаруашылығы әлі де инвестиция тарту үшін тиімсіз сала болып отыр. Сондықтан да жаңа заң қарапайым шаруаларды қолдаудың соны бағыттарын ұсынады.

Қазір елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 191,5 мыңнан астам агроқұрылым мен 1,6 миллион үй шаруашылығы айналысады. Агроқұрылымдардың 185,5 мыңы немесе 95,8 пайызы – шаруа қожалықтары. Бұл шаруа қожалықтарының көбінің даму қарқыны үдемелі инновацияға сай жұмыс істеуге жеткілікті. Сондықтан бүгінгі күні ауыл шаруашылығындағы шағын өндірістің сақтап қалынуы – өзекті мәселелердің бірі. Кәзіргі таңда жалпы өнімнің 31 пайызы шаруа қожалықтарының үлесінде және олардың

40 пайызының жерлері 10 гектардан аспайды. Мұндай шағын қожалықтардың өндіріп отырған тауарларының бәсекеге қабілеттілігі төмен, инновациялық технологияларды қолдануға, адам денсаулығына қауіпсіз азық-түлік өндіруге, жоғары білікті мамандарды жұмысқа тартуға мүмкіндіктері жоқ.

Біздің елімізде де бұл салада жеке қосалқы шаруашылықтың үлесі мол. Мысалы, өткен жылы еліміз бойынша өндірілген 4 млн 473 мың тонна сүттің 79,8 пайызы жеке үйлердің үлесінде, 15 пайызы шаруа қожалықтарынан жиналса, тек 5 пайызы ғана ірі акционерлік қоғамдарға тиесілі. Ет өндіруде де жеке қосалқы шаруашылықтар үлесі 74, 5 пайызды көрсетіп тұр.

Осыған байланысты қазір Ауыл шаруашылығы министрлігі осы құрылым өнімін ел несібесіне айналдырудың жобасына кірісті. Жоба бойынша «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы арқылы шаруалар отбасылық бордақылау алаңдары мен шағын сүт кооперативіне бірігеді. Оларға 6 пайыздық өсіммен 3-6 млн теңге аралығында қаржы береді. Біздің өңірде норматив бойынша мал бордақылауға 6 ай

жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Әрине, бастамаға әлі де сенімсіздікпен қарап отырғандар көп. Кездесулерде айтылған ой-пікірлерге орай, министрлікке ұсыныстар да бердік. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында алатын жеңілдетілген несиелер, салық түрлерінің 70 пайызыға дейін төмендетілуі шаруалардың кооперация келесегіне деген сенімін оятады деген үміттеміз, – дейді Пірмұхаммед Сыздықов.

Шаруашылықтарды ірілендіру бағытындағы бастама аясында облыста құрылған 72 ауылшаруашылық кооперативінің 19-ы мал шаруашылығымен айналысатын құрылым болса, 20-сы егіс саласындағы кооператив. Қалғаны көпсалалы шаруашылықтар.

Егіс саласындағы шаруашылықтарды да кооперативке біріктірудің шарттары әзірлену үстінде. Мемлекеттік қолдауға ие болу үшін шаруашылықтың техникасы, кем дегенде 400 гектар жері болуы тиіс. Осы талапқа сай серіктестіктер 19 пайыз өсіммен лизингке техника ала алады. Оның несиелік ставкасының 10 пайызын мемлекет субсидиялайды.



жұмсалатындықтан шаруа осы мерзім аралығында несие өсімін қайтарудан босатылады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықовтың айтуынша, заман талабына сай қасапхана салу үшін де 6 пайыздық өсіммен 50 млн теңгеге дейін несие беріледі. Және де қасапханадағы құрал-жабдықтардың 70 пайызы кепілге қойылады. Жалпы ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы осы тұрғыда құрылған кооперативке өндірген еттің әрбір келісіне 100 теңгеден бір жылда 9,6 млн теңге көлемінде субсидия беріледі. Шаруалар жеке кәсіпкерлік форматында құрылған осы қасапханамен келісімге отырып, олар жекелерден сойылатын малды кесте бойынша қабылдайды.

Сүт бағытындағы бастама да осыған ұқсас. Кемінде 5 бас бағытын 10 отбасы шағын сүт фермасы есебінен бір кооперативке бірігіп, сүт қабылдау пункттері арқылы өндіріп, өткізген әрбір түрті сүтіне 15 теңгеден бір жылда 5,2 млн теңге көлемінде мемлекеттен субсидия алатын болады.

Жоғарыда айтып өткендей, сүт бағытындағы кооперативте сүт қабылдау бекеттерін ашуға 6 пайыздық жеңілдікпен несие берілетін болады. Бұдан бөлек кооператив мүшелерінің кіріс департаментіне жеңілдікпен төлеген қосымша құн салығы есепті субсидия соңында қайта мемлекеттен субсидияланады. Ол үшін әрбір өңдеуші кооператив не ауылшаруашылық құрылымы әр жылдың маусымына дейін облыстық ауыл шаруашылығына тиісті құжаттарын өткізу арқылы аккредитациядан өтулері қажет.

— Кооперация жайлы түсіндірме

Сыр бойы осы салада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар экспорттық өнім көлемін ұлғайтып, индустриялды-инновациялық дамуға дайықты үлес қоса алатын өңірлердің бірінен саналады. Аймақта еліміздегі күріштің 84, қауынның 6, көкөністердің 2 пайызы өндіріледі.

— Біз қазір егін саласындағы мәселелерді жете зерттеп, бұл бағытта атқарылар жұмысты жүйелеп жатырмыз. Саланы әртарапандырып, жеке қосалқы шаруашылықтарды тарту арқылы өнім түрлерін көбейтеміз, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Бұл бағытта Польша мемлекетінің бастамасы үлгі алуға тұрарлықтай. Жері шағын поляктар дүниежүзі бойынша картотп егуден екінші орында тұр. Шаруалар шарап зауытының талпырысына орай, жүзімнің түр-түрін егеді. Оның қалдығын да кәдеге жаратады.

Кіші Арал кемеріне толғалы бері аймақта балық өндірісі жанданып, ауыл шаруашылығының ауқымды саласына айналып үлгерді. Бұл салада сервистік дайындау орталықтары құрылғалы бері Арал балығы Еуропа нарығына шығарыла бастады. Өткен жылы 867 тонна балық Еуропа елдеріне, 920 тонна онім Ресейге жөнелтілген. «Өнімді балықшылардан сатып алып, өңдейтін осы орталықтар кәзіргі кооперация талабымен орайласып отырғандықтан, бұл салада жұмысты жүйелеу жеңіл болады» дейді мамандар.

Қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығын тек кооперация ғана құтқарады. Өндіріс, қайта өңдеу және ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу сияқты экономикалық тізбекті өзара үйлестіргенде ғана іс алға басады.

МАҚАМУЛЫ.

● БРИФИНГ

БІР ӨТІНІШ АРҚЫЛЫ БІРНЕШЕ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

Деректерге сүйенсек, алғашқы рет мүгеделікке шығу бойынша осы байқалады. Мәселен, 10 мың халыққа шаққанда 20,4-тен 21,3-ке дейін көбейген. Сонымен қатар, алғаш рет мүгедек болып танылған 1151 ересек адамның 85,8 пайызы жұмысқа жарамды жаста болса, ал 14,2 пайызы зейнеткер. Екінші топтағы мүгедектер – 52,8 пайыз, үшінші топ 33,9 пайыз, қалған 13,3 пайызын бірінші топ мүгедектері құрап отыр. Алғашқы рет мүгеделікті анықталған азаматтар бұрын мүгеделік алу үшін алдымен медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдеріне, ал әлеуметтік төлемдер алу үшін зейнетақы төлеу бөлімшелеріне жүгінетін еді. Енді мүгеделік алғаш рет белгіленген жағдайда, мемлекеттік әлеуметтік

Жыл басынан елімізде барлық зейнетақы төлемдерінің мөлшері 9 пайызға, ал жәрдемақы 25 пайызға көбейді. Бүгінде ең жоғары зейнетақының мөлшері базалық зейнетақымен қоса алғанда 81457 теңге болса, орташа зейнетақы 59625 теңге және ең төменгі зейнетақы мөлшері 37790 теңгені құрайды. Облыс бойынша биылғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін зейнетақы және әлеуметтік төлем алушылар саны 278,9 мың адам болса, оларға 8 айда 44,3 млрд. теңге төленген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департамент басшысының міндетін атқарушы Лиман Боранбаева мәлімдеді.

жәрдемақы алу үшін өз өтінішімен МӘС (медициналық-әлеуметтік сараптама) бөлімдеріне ғана жүгінеді. Бір ғана өтініш негізінде композиттік қызметтің бірнеше түрін автоматтандырылған жүйеде ұйымдастырылуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Осындай топтағы 774 адамға композиттік мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Туа біткен кемістіктердің ішінде көз аурулары, жүрек ақаулары, бас-ми жетіспеушілігі көп кездеседі. Екінші орында жүйке жүйесі аурулары, үшінші орында сүйек-буын аурулары есепте тұр, – дейді мамандар.

Үстіміздегі жылы департамент мамандары 8 нысанның 4-не тексеру жүргізген. Қорытындысында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында 18 және мүгедектерді әлеуметтік қорғау бағытында 19 заң талабының бұзылғаны анықталған. Заңбұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаларға 212100 теңге көлемінде айыппұл салынып, 21 жауапты қызметкерге түрлі тәртіптік шара көрілді.

А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

Суретті түсірген: Н.НҮРЖАУБАЙ.

ЖЕР ЗАҢСЫЗ БЕРІЛМЕЙДІ

Бұдан былай жерді заңсыз иеленуге жол жоқ. Бұл жайында облыстық прокуратура басқармасы бастығының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен өткен брифингте хабарлады.

Қадағалаушы орган өкілінің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда тиісті органның құжатынсыз иеленген 818 жер учаскесі анықталып, заңсыз тұрғын үй құрылыстарын жүргізген 511 құқық бұзушының жеке басы белгілі болған. Әрине, заңсыздық жайдан-жай жабыла салмайды, бір айда мемлекет меншігіне қатысты құқық бұзушылыққа жол берген 411 тұлғаға 57 млн теңгеден астам әкімшілік айыппұл салынған.

● «ТУҒАН ЖЕР»

ОРТАЛЫҚТА ОРАЛМАНДАР
МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Туған жер» қоғамдық қозғалысы қауымдастығының ұйымдастыруымен Қызылорда облысы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәжіліс залында оралмандардың өзекті мәселелеріне арналған «Әнәлге үлесті» өткізілді. Оған тиісті сала мамандары, жастар бірлестігінің белсенді мүшелері, қаладағы және Сырдария ауданынан келген оралмандар қатысты.

Іс-шарада қауымдастық төрайымы Қ.Ерімбетова оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жұмысымен таныстырды. Қиырдан келген қандастарымыздың кәзіргі таңдағы жай-күйіне тоқталды.

Арнайы шақырылған әртүрлі сала мамандары өз қызмет бағыттарына қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды пайдаға аспай қалатын да кездері жоқ емес. Мысалы, оралман Жәдігер Дакбаев Өзбекстан Республикасында Өзбекстан тарихы понінің мұғалімі мамандығын алған. Алайда, ол біздің елде дәл осы мамандық бойынша оқу орындарына жұмысқа орналаса алмайды. Сондықтан қайта даярлану қажеттігі туралы айтылды. Жаңа мамандықтарды игеруге арналған тегін курстарға қатысуға ұсыныс жасалды.

Жұмыссыздық мәселесін шешу тетіктерінің бірі ретінде «Даму» кәсіпкерлікті қолдау орталығының заңгер-кәсіпшісі Бағдат Жомартов мемлекеттен көрсетілетін көмектерді пайда-

ланып, тегін семинарларға қатысып, кәсіпкерлікпен айналысуға шақырды. Несие алу кезінде мемлекет көрсететін жеңілдіктер, субсидиялар, гранттар туралы түсіндіріп, кәсіп ашу туралы толығырақ мәлімет берді. Қызылорда облысы бойынша бұрын-соңды болмаған кәсіп түрлерін, жобаларды ашқан жағдайда, қайтарымсыз гранттар қарастырылғандығы туралы айтып өтті.

Азаматтық алу мәселесі бойынша облыстық көші-қон полициясы басқармасының аға инспекторы Ерлан Теңізқұлов егжей-тегжей түсіндірді. Осылайша алуан түрлі мәселелер көтеріліп, сан сұрақтарға жауаптар берілді. Ұсыныстар да айтылды. Мысалы, азаматтық алуға қажетті құжаттар жинау кезінде оралмандар бірталай шығындалады. Олар үшін жеке бас құжаттарын өзге тілден аудару үшін нотариустерге төленетін ақы, медициналық анықтамалар алу мен сондай-ақ мекен-жай бойынша тұрақты тіркеуге тұруға жұмсалатын қаражат көлемі қиын соғып отыр. Олар қаржының көлемі қысқартылса, медициналық анықтамалар алуда жеңілдіктер жасалса, сондай-ақ, арзан жатақханалар қарастырылса деген тілектерін жеткізді.

Шараны қорытындылаған Қ.Ерімбетова бүгінгі айтылған мәселелердің шешілуіне орталық қызметкерлерінің белсене араласатынын жеткізді.

Е.ӘБДІР.

● «100 ТАБЫС ТАРИХЫ» ЖОБАСЫНЫҢ КЕЙПКЕРІ

АҚМЕШІТТІҢ АТПАЛ АЗАМАТЫ

Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт жастайынан спортты серік етті. Шығыс жекпе-жегі – қаратэ-додан «қара белбеудің» иегері әрі білікті бапкер. 2005 жылдан бері облыстық қаратэ-до және күрес өнері федерациясын басқарып келеді. Ол жаттықтырған спортшылар облыстық, республикалық, халықаралық додаларда топ жаруда. Мәселен, қаратэ-додан 5 дүркін Қазақстан чемпионы Мақпал Қожамбетова, спорт шебері Анар Өткелбаева, Жапония ашық чемпионатының чемпионы Өлібек Орынбасаровтар осы сөздеріміздің айғағы. «Шәкірт тәрбиелеу – ең ізгі іс. Жүрегім содан жай тауып, рахатқа бөленеді. Қаратэ-до спорты адамның жан дүниесін байытып, жат қылықтардан ада қылады. Болашақта спорт залын салу ойымда жүр. Ол күнге де жетерміз», – дейді белгілі спортшы.

Алдына қояр жоспары, мақсаттары бар адам ғана көздегеніне жетеді. «Өз басым жоспар құрам. Жоспарлы шаруаны орындасам, уақыт та, қуат та босқа кетпейді. Ал жоспарсыз істерді, көздейсоқ табыла кететін шаруаларды ескеріп, оларды да еңсеріп отырған жөн. Өмірде де, бизнесте де бұл қағида ауадай қажет. Егер кәсіпкерлік жағынан келсек,

өзім бірнеше ірі өндіріс ашқым келеді. Бұдан қаншама адам тұрақты жұмыс табады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан экономикасының өрістеуіне елдің азаматы ретінде үлес қосқанын болар еді» Осындай биік мақсаттарға қол созған азаматтың аймақ дамуына ерекше серпін беретініне сөзсіз сенеміз.

Елдің жүгін арқалап жүрген жігіт қалалық мәслихаттың депутаты болғалы «Қызылжарма» саялау округінің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өсіп-өркендеуіне ықпалын тигізіп келеді.

Қайырымдылық жасап, жабырқағанға демеу болуды әрбір азаматтың борышына балайтын Ғалымбек Жақсылықұлы – қолдан келген көмегін аямайтын жомарттың бірі. «Қайырымды іспен адамның жан дүниесі нұрланып, тазарып, рахатқа бөленеді емес пе? Қолыңнан келсе, көмек сұрағанға қол ұшын бергенге не жетсін?! Бүгінгі күнге дейін қанша жанға, қандай сомада көмек көрсетіп, қолдау танытқанымды нақтылап айта алмаймын. Бірақ шығармашылық баспалдақта немесе спортта жетістікке қол созған талапты жас өрендерге қолдау танытуды көйнеге қалдырған емеспін. Өлсізге қол

ұшын созсаң, көмекке зәру адамға шарапатың тисе, сол ізгі ниетің қашанда қайтымы болады», – деген кейіпкеріміз ішкі әлеміміздегі мейірімдіз ешқашан сарқылмауын тілейді.

Бүгінде Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры қызметінде жүрген Ғалымбек Жақсылықұлы іскер азаматтардың қатарын көбейтуде кәсіпкерлік палатасының рөлін жоғары бағалайды. Палата халықтың кәсіпкерлік саласында сауатын ашуға көмектеседі. Оның нақты нәтижесі де байқалады. Бұрын кәсіпкер несие алу үшін, құжаттарды рәсімдеп, бірнеше мекеменің табалдырығын тоздыратын. Ал қазір бизнеске байланысты барлық мәселені осы палатаға келіп шешуге мүмкіндік бар. Тіпті, бүгінде аудан, ауыл кәсіпкерлері де осы құрылым қолдауын сезінуде.

“Бұл – болашақтағы ел байлығының негізі. Даму тетігі қашанда кәсіптен басталады” дейді бізге табыс тарихын тарқатқан кәсіпкер.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



Сыр өңірінде «Ақвалайн» таза суын шығарып, халыққа ұсынған іскер азамат, қалалық мәслихат депутаты Ғалымбек Жақсылықов шағын және орта бизнесті дамытуда өзгеге үлгі боп отырған кәсіпкердің бірі. Табаңдылықты қажет ететін бизнесте оның өз ұстанымы бар. «Еңбек ширатады, өмір үйретеді» – дегенді тү еткен ол жоғары нәтижеге қол жеткізе білді. «Жыл санап қызмет көрсету сапасын да ілгерілетіп келеміз. Республикалық «Алтын сапа» байқауында Елбасы Н.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталдық. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе, еңбегіміздің еш кетпегені», – дейді кейіпкеріміз.

«Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 489 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірідегі Заңының 26-бабына және «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігі қаулысының жобасына келісім беру туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 1 маусымдағы №35 шешіміне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 489 қаулысына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізімінде 5557 нөмірмен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 16 шілдеде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындауында бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р.Үстеменов жүзетсізін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **К. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «...» ... қаулысына қосымша Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 489 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын, ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін арнайы білімі бар мәдениет және өнер, армян ісі және құжаттама саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Мемлекеттік мекеме және қаналық кәсіпорны басшысы және басшысының орынбасары (экономика, қаржы және әкімші-шаруашылық жөніндегі басшысының орынбасарынан басқа);

2. Көркемдік жетекшісі; бас: көр саяхатыну, мұрағат, режиссер, балетмейстер, дирижер, хормейстер, суретші;

3. Әдейі-драмалық, режиссерлік, режиссерлік, көркемдік қойылым, педагогикалық болымырлені, өміршірт шеберана, әдістемелік кабинет, қалыпта шеберана шеберана, кітапхана, зертхана, армян қойымынан; кітапхана, музей фидальдарының менгерушісі (басшысы), сектор басшысы;

4. Ғылыми қызметкерлер (бас, жетекші, аға, кіші);

5. Мамандар (жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ) ақпараттанар, ақпараттанар-коммуникаторлар, бірінші атауды әрістері, музейлер қорын есепке алу армяншір, археограф (нетігі қызметтер), режиссерлер, билогграф, кітапхананы, дирижер, дирижер, режиссері, барлық атауды инжері (нетігі қызметтер), кинорежиссер, мәдени ұйымдастырушы (нетігі қызметтер), барлық атауды әдістемесі (нетігі қызметтер), музыкалық жетекші; палеограф, режиссер, киноопер-режиссер, хормейстер, көр саяхатыну; барлық атауды суретшілер (нетігі қызметтер); жүзексөздер, археолог; режиссер ассистенті; арт-менеджер, парамана (нетігі қызметтер); өнертанушы, пропосер, редактор (нетігі қызметтер); хореограф, архивші, суретші-реставратор.

«Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 494 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірідегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26-бабына және «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігі қаулысының жобасына келісім беру туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 1 маусымдағы № 34 шешіміне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы №494 қаулысына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізімінде 5598 нөмірмен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 9 маусымда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **К. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «...» ... қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын, ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін арнайы білімі бар ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ветеринария мамандары:

1) бірінші санаттағы біліктілік деңгейі жоғары: ветеринар дәрігер, зертхананың ветеринар дәрігері, вирусолог, бактевролог;

2) екінші санаттағы біліктілік деңгейі жоғары: ветеринар дәрігер, зертхананың ветеринар дәрігері, вирусолог, бактевролог;

3) санатсыз біліктілік деңгейі жоғары: ветеринар дәрігері, зертхананың ветеринар дәрігері, вирусолог, бактевролог;

4) бірінші санаттағы біліктілік деңгейі орташа: ветеринар фельдшер, жануарларды қолдан ұрысқындары жөніндегі техник, асыл тұқымдық іс жөніндегі техник;

5) екінші санаттағы біліктілік деңгейі орташа: ветеринар фельдшер, жануарларды қолдан ұрысқындары жөніндегі техник, асыл тұқымдық іс жөніндегі техник;

6) санатсыз біліктілік деңгейі орташа: ветеринар фельдшер, жануарларды қолдан ұрысқындары жөніндегі техник, асыл тұқымдық іс жөніндегі техник.

СОЛТУСТЫҚ ӨНІРЛЕРГЕ ҚОНЫС АУДАРУ ЖӨНІНДЕ					
«Жұмыспен қамту-2020» жола қартасы бағдарламасының үшінші бағыты аясында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №1515 бұйрығымен белгітелген «Жұмыс күшінің ұзындығын арттыру үшін адамдардың еркін түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы» Ережесіне сәйкес, солтүстік өңірлерге қоныс аудару жұмыстары жүргізілуде.					
Бүгінгі күнге Костанай облысының 72 бос жұмыс орындарына қызымы түсетін түр, үй жай, балабақша, мектеп, басқа да әлеуметтік жағдайлармен қамту қарастырылған.					
Павлодар облысының 227 бос жұмыс орындарына - ұсыныс, үй жай, балабақша, мектеп, жағдайлармен қамту қарастырылған.					
Ережеге сәйкес, бір облыстан басқа облысқа қоныс аударушыларға отағасына - 30 еселенген аялық есептік көрсеткіш (106,0 мың теңге), мүшесіне облысының әрбір мүшесіне - отып бес еселенген аялық есептік көрсеткіш (74,2 мың теңге).					
Қоныс аударуға инет бйілдерін азаматтар тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталықтарына хабарласу қажет.					
Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйі					
Дәрігер терапевт 0,5 ст. жоғары білімі					
Музыка жетекшісі 0,75 ст. музыкалық білімі					
Кітапханашы 1 ст. білімі - кітапхана кісі					
Шаштарға 0,5 ст.					
Фельдшер 1 ст.					
Медицина					
Медициналық даялдық тамақтану бойынша (арнаулы орта мамандығынан 10 күн оту)					
Маскашаны 1 ст.					
Қарабалық ОАА					
Фельдшер					
Шаламбай ауылы					
Елшіақа ауылы					
Лесное Михайловской ауылдық округі					
Ақсуақ					
Балалар тіркеу бөлімі - медицина					
Балалар бөлімі - медицина					
Тіркеу бөлімі - медицина					

СЕНІ ІЗДЕЙМІЗ КЕЛЕ МЕ ДЕП ӘР КҮННЕН



Өзегім өрт бой жанады, Көзімнің жасы ағады. Түйік әді-ау мінезім, Тұлай еді-ау жүрегім.

Сағынсам іздеп тадам ба? Жүректе мәңгі сақтайын. Жаратқан Алла жар бол деп, Сабарға келіп тоқтайын. Жатқан жерім жайлы, топырағың торқа, жанның жаннаттың төрінде болсын.

Ардақты ұлымыз, бауырмыз Аяғанов Мәдебет Асылбекұлы еске ала отырып, барша аяғын-түз, дос жаран, құрдастарың өз шаңырағыңда, Алматы қаласы, 19-шы ауданда, осы жылдың қыркүйек айының 11-ші жұлдызында өтетін 100 күндік асына шақырамыз.

Сағынып еске алушылар: әкесі Асылбек, анасы Үрбибі, бауырлары.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың назарына!

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті, келендік бақылаушы, салықтардың, келендік алымдар мен есепшұғырлардың бюджетке артық (көте) төленген сомаларының төленген күннен бастап бес жыл өткендігі анықтау мақсатында, есептен шығару үшін, департаменттің қызмет ету аясындағы барлық сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды департаменттен келендік бақылау, салықтар, келендік алымдар мен есепшұғырлар бойынша салыстыру актілерін жүргізуді сұрайды.

Толық апараты 23-88-10 телефоны арқылы алуға болады.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ банктік ТЭН-ге жасалынған Экологиялық-әлеуметтік бағалау (ЭӨБ) материалдарын талқылау бойынша 2016 жылдың 28 қыркүйегінде, сағат 11-00-де, Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, Шалқия кентінің №86 орта мектебінің мәжіліс залында қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

ЭӨБ жобасының қағаз нұсқасымен мына мекенжай арқылы танысуға болады: «Шалқия кенті», ЭӨБ, №9 кабинет (ЕҚ, ТЖ және КҚ бөлімі) немесе электронды нұсқасымен www.zinc.kz сайынан.

Барлық қатысушылар сұрақтар бойынша 8(72435)79107(қос.7082) телефоны нөміріне немесе a.koltava@zinc.kz электронды мекен-жайы арқылы хабарласуға болады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Алтынбасов Ерлан Абжпашарынұтың атына 1990 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы А. Жанпейісов атындағы №105 орта мектепті бітіргені жөнінде берілген А №199431 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жүсіпбева Бахыттың аттына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теріөзек кенті, О. Абдуллатыпов көшесі №12/1 мекенжайы бойынша 05.02.2007 жылы берілген №0111165 жер учаскісіне және меншік құқығын беретін актісі, 26.01.2007 жылғы №163 сатып алу-сату келісім шарты, техникалық паспорты (қаластырық номері:10-153-001-718) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

4	с.Дружба ГУ Дружбына СШ	зияны мұғалімі	0,25	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
Қарабалық ауданы (Жұмыспен қамту орталығы: 8(71441)32923)						
1	с.Тастыөзек ТОО "КиТ"	механикатор	1	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
	с.Тастыөзек ТОО "КиТ"	мал өсірушілер	2	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
2	с.Новотроицкое ТОО "Новотроиц-1"	құрылысшы	1	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
	с.Новотроицкое ТОО "Новотроиц-1"	механикатор	10	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
Төртанов ауданы (Жұмыспен қамту орталығы: 8(714 36) 36273)						
1	с.Тарново ТОО "Аллет-1"	мал дәрігері	1	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
	с.Тарново ТОО "Аллет-1"	мал өсірушілер	1	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
Федоров ауданы (Жұмыспен қамту орталығы: 8(714 42) 21306)						
1	с.Камышлы Чалды ТОО "Түрар"	механикатор	10	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
	с.Камышлы Чалды ТОО "Түрар"	жүргізуші	5	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
		газ диспенсерушісі	1	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
		тоқыр	1	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады
		мал өсірушілер	10	Берілсін	Балабақша, мектеп	Келген кезде қарастырылады

Павлодар облысы бойынша 16.08.2016 ж ауылшаруашылығы кәсіпорындарында бос жұмыс орындары жөніндегі ақпарат

№ р/н	Қала/аудан атауы	Жұмыс беруші туралы мәлімет	Қажет (бос мамандықтар мен кәсіптердің саны)	Тұрғын үй беруші жөніндегі ақпарат	Байланыс
1	г. Ақсу	ТОО "Уштерек аК"	мал дәрігері - 1	берілсін	87771001159
		ТОО "КХ Торас С"	механикатор - 6	берілсін	
		КХ "Сөргей"	мал дәрігері - 1	берілсін	8702332515
			механикатор - 3	берілсін	
2	Баянауал ауданы	ТОО " МТС Жайма"	жүргізуші - 2	берілсін	87773342307
			мал өсіруші - 15	берілсін	87184046646
3	Желез ауданы	ТОО "КХ Алтынды ПВ"	Тракторшы - 5	берілсін	871831-724-96
			дальник брига бригадир - 1	берілсін	
		Агроном - 1	берілсін		
		Күзетші - 3	берілсін		
		Эксплуатациялық жұмысшы - 6	берілсін		
		жүргізуші - 2	берілсін	871831-403-55	
		Комбайнер - 2	берілсін		
		Механикатор - 4	берілсін		
		Бақташы - 3	берілсін		
		Эксплуатациялық жұмысшы - 5	берілсін	87774354221	
		Койма менгерушісі - 1	берілсін		
		Мал дәрігері - 1	берілсін		
		Бухгалтер - 1	берілсін		
		Тоқыр - 1	берілсін		
		Тракторшы - 1	берілсін		8701588413
		Диспенсерушісі - 1	берілсін		
		Комбайнер - 1	берілсін		
		Зертханашы - 2	жалға	87770697544	
		Диспенсерушісі - 1	жалға		
		Механикатор - 4	берілсін	87054567204	
		Тоқыр - 4	берілсін		
		Эксплуатациялық жұмысшы - 6	берілсін		
		Механикатор - 1	берілсін	87051468636	
		Малшы - 1	берілсін		
		Мал дәрігері - 1	берілсін	87768289999	
		Агроном - 1	берілсін		
		Зоотехник - 1	берілсін		
		Тракторшы-ауыл шаруашылығы өндірісшісі	берілсін		
		Эксплуатациялық жұмысшы - 10	берілсін		

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 2016 ЖЫЛҒЫ 29 ТАМІЗДЫ №567

«Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өңірлік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қыркүйегінде қабылданып, 2015 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулымен танылатын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы аталғаны ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі К. Көшербаев.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «29 тамыз» № 567 қаулысымен белгітелген

«Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - басқарма) Қызылорда облысында жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, азаматтық қорғаныс, ауқымдық қорғаныс, азаматтық қорғаныс қызметіне қатысушылардың қызметін қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекеттік мекеме.

2. Басқарманың құрылымына Қызылорда облысының әкімдігі мен Қызылорда облысының әкімінің орынбасарының қолдауымен жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

3. Басқарма өз қызметіне Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Мемлекетінің Атқарушы, өте де нормативтік құқықтық актілеріне, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мекеменің атымен қорғаныс қызметіне қатысушылардың қызметін қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекеттік мекеме.

5. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимит қолданылатын заңнамасына сәйкес бекітіледі.

6. Заңды тұлғаның түрлері жерінің нисаны 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Аманжол Иманов көшесі, №125 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. О

